

10 Қаңтар
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ТАБИГАТТЫҢ КЫСҚЫ ҚҰБЫЛЫСЫ

ҚАЗІР МҰНДАЙ КӨРІНІСКЕ КӨЗ ҮЙРЕНЕ БАСТАДЫ. ЖАҒАНДЫҚ ЖЫЛЫНУДЫҢ ӨСЕРІ БОЛСА КЕРЕК, СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҚЫСТЫҢ ОРТАСЫНДА ҚАР ЕРІП, СУ ТАСУЫ ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙҒА АЙНАЛЫП БАРА ЖАТЫР. ОЙЫЛДЫҚТАР ЖАҢА ЖЫЛДЫ ЖАПАЛАҚТАҒАН ҚАРМЕН ҚАРСЫ АЛҒАНЫМЫЗБЕН СОҢЫ ЖЫЛЫ-МЫҚҚА ҰЛАСЫП, АЙЛЫҚ МӨЛШЕРГЕ ЖУЫҚ ЖАУҒАН ҚАР ЕКІ КҮНДЕ ЕРІП КЕТТІ.



Өткен аптаның соңы тіпті тосын «сыйға» толы болды. Жұма күні ауа-райы күрт жылынып кетті. Түсте басталған қар кешке дейін тобықтан асты. Алайда, синоптиктер сол күні түнде жаңбыр болатынын ескертіп жатты. Айтқандары айдай

келді. Түнімен жауған жаңбыр күні бойғы қарды сай-саламен ағызды. Екі күн бойы толассыз жауған қар мен жаңбыр былтырғыдай Көптоғайға қауіп төндірді. Алайда көшенің ортасымен аққан қар суы ешбір ауыл тұрғындарының үйлері-

не қауіпті болған жоқ. Сонда да «сақтықта қорлық жоқ» дегендей, еріктілер мен арнайы техника жұмылдырылып, төтенше оқиғаларға жол берілген жоқ. Көптоғайлықтарға тілсіз жаудың «кесірі» мұнымен шектелмеді. Шлюздер ағын суды өткізіп үлгермегендіктен

Амангелді ауылымен арадағы жолды жарып кетті. Абырой болғанда қолайсыз ауа-райы салдарынан бейнетке тап болған адамдар дер кезінде құтқарылды.

Сәрікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селпосы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН 2023 ЖЫЛЫ 3,5 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНЕДІ



«Ауыл аманаты» жобасының I кезеңінің іске асырылу барысы Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжановтың төрағалығымен өткен жиында талқыланды. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, мемлекеттік органдардың басшылары, облыстық мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері және аудан әкімдері қатысты. Бұған дейін хабарланғандай, ауыл халқының табысын арттыру мақсатында іске асырылған жобаның I кезеңіне 12 аудандағы 24 ауылдық округтің тұрғындары қатысуда. Олар құс және өсімдік шаруашылықтарын дамытуға, кооперативтерді жабдықтауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған 2772 жобаны жүзеге асыратын болады. Өткен жылдың желтоқсан айында «Ауыл аманаты» жобасын қаржыландыруға 3 млрд теңге бөлінді. «Біз бірнәрсені дұрыс түсінуіміз керек. Басты мақсат – ауыл тұрғындарына қолдау көрсету, оларды жұмыспен қамту, табысын арттыру.

Бұл ең өзекті мәселелердің бірі, оны шешсек, біз ауылдан халықтың көшуі мәселесін шеше аламыз. Мемлекет басшысының алға қойған міндетіне сәйкес, әрбір ауылдық округ әкімінің, әрбір аудан әкімінің жоба аясындағы жұмыстары статистикалық есептер негізінде емес, нақты нәтижелерге сүйене отырып бағаланатын болады», – деп атап өтті Ералы Тоғжанов. Сонымен қатар, I кезең аясын кеңейту мақсатында жобаға қатысатын ауылдық округтер санын арттыру туралы шешім қабылданды. Жеңілдетілген қарыздық шекті сомасы шамамен 8,6 млн теңге, (2,5 мың АЕК дейін), ал ко-

операцияны дамытуға – 27,6 млн теңгені (8 мың АЕК дейін) құрауы мүмкін.

Ақтөбе облысындағы жобаның ерекшелігі мал шаруашылығын дамыту үшін ірі шаруа қожалықтары есебінен тауарлық несиелер беру болып отыр. Бүгінгі күні 19 шаруашылық есебінен 38 жеке қосалқы шаруашылыққа 577 бас мал берілді. Шаруалар тауарлық несиеге берген малын ақшалай емес, төл есебінен қайтарады. Жоба аясында несие алушы жеке қосалқы шаруашылықтар ауылшаруашылық өндірістік кооперативтеріне бірігу арқылы қызметін жүзеге асырмақ. Бүгінде 12 ауданнан құрамында 155 қатысушысы бар 27 кооператив тіркелді.

Облыс әкімінің тапсырмасымен ауыл тұрғындары құс және басқа да бағыттар бойынша шаруашылық негіздерін оқиды, қажетті кеңестері бар әдістемелік материалдармен қамтамасыз етіледі. Айттып өтейік, биыл «Ауыл аманатына» қосымша 3,5 млрд теңге бөлінбек.

Сондай-ақ, жиын барысында ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі тұжырымдаманы әзірлеуге қатысты мәселе қаралды. Құжат аясында 315 елді мекенде әлеуметтік-экономикалық даму, ауыл шаруашылығын дамыту, инженерлік инфрақұрылым мәселелері кезең-кезеңімен шешілетін болады. Әр ауылға облыстық басқарма басшылары, мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, БАҚ өкілдері қатарынан жауапты адамдар бекітілген. Олар «Ауыл аманаты» жобасын халыққа түсіндіріп, бағдарламаның іске асырылуын бақылауы тиіс.

Ақерке САТЫБАЛДЫ.

БИЫЛ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ?

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША ҮКІМЕТ ІСКЕ АСЫРЫП ЖАТҚАН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН БАСТАМАЛАР БИЫЛ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ТҮРМЫС САЛАСЫН ЖАҚСARTУҒА ИГІ ӨСЕРІН ТИГІЗЕТІН БОЛАДЫ. ЯҒНИ 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП ЕЛІМІЗДЕ ЖАЛАҚЫ, ЗЕЙНЕТАҚЫ АРТЫП, ЕҢ ТӨМЕНГІ КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІ ӨСЕДІ. ҚАЙ САЛА МАМАНДАРЫНЫҢ ТАБЫСЫ ҚАНША ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН ӨСЕДІ?



2023 жылғы 1 қаңтардан бастап елімізде ең төменгі жалақы мөлшері (ЕТЖ) 60 000 теңгеден 70

000 теңгеге дейін ұлғайтылды. Бұл 2022 жылы 60000 теңге болды. Ал ең төменгі күнкөріс деңгейі

– 36 018 теңге. Өздеріңізге мәлім, Үкімет Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдар-

ламасын іске асырып жатыр. Бұл жоба аясында дәрігерлердің, мұғалімдердің, бюджет саласының басқа да қызметкерлерінің және өндірістік персоналдың жалақысы кезең-кезеңмен ұлғайтылады.

Дәрігерлердің жалақысы

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният 2023 жылға қарай дәрігерлердің орташа жалақысы 550 мың теңге болатынын айтты. Министрдің айтуынша, 2022 жылы дәрігерлердің орташа жалақысы 421 мың теңгеге дейін жеткізілді. Орта медицина қызметкерінің жалақысы шамамен 235 мың теңгені құрады. 2023 жылы дәрігерлердің орташа жалақысы шамамен 561 мың теңге болады деп жоспарлануда.

Мұғалімдердің жалақысы

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап балабақша тәрбиешілерінің, мектеп пен колледж мұғалімдерінің, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесі мамандарының жалақысы тағы 25%-ға өседі. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2020 жылдың қаңтарынан бастап мұғалімдердің жалақысы жыл сайын 25%-ға артып келеді. Мұғалімдердің еңбекақысы оқу жүктемесіне, білім деңгейіне, біліктілігіне, еңбек өтіліне, магистр дәрежесіне және басқа да қосымша төлемдерге байланысты есептеледі.

Жалақыға біліктілік санаты (лауазымдық жалақысының 30%-нан 50%-ға дейін), магистратураға, пәндерді ағылшын тілінде оқытқаны үшін, дәптер тексеруі үшін, сынып жетекшілігі мен тәлімгерлік қызметі үшін қосымша ақы да белгіленеді. Сондай-ақ дене шынықтыру пәнінің мұғалімдеріне сабақтан кейін қосымша спорт секциясын өткізгені үшін ай сайынғы қосымша ақы төленеді. Сонымен қатар 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап студенттердің стипендиясы 20%-ға, магистранттар мен докторанттардың стипендиясы 15%-ға өседі.

Өрт сөндірушілердің жалақысы

2023 жылдан бастап өрт сөндірушілердің ең төменгі жалақысы 180 мың теңге болады. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жалақыны 10%-дан 70%-ға дейін көтеру жоспарланып отыр. Қатардағы құрамның айлығы 70 пайызға, ал басқарушы құрам – өрт сөндіру қызметі мен бөлім басшыларының жалақысы 10 пайызға өседі.

Айлық есептік көрсеткіш

Жыл сайынғы дәстүрмен айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 2023 жылғы 3450 теңгеге дейін өседі. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап оның мөлшері 3 063 теңге болды, ал 2022 жылғы 1 сәуірден 3180 теңгені (жәрдемақы мен әлеумет-

тік төлемдер үшін) құрады. Айта кетерлігі, айлық есептік көрсеткіш жәрдемақы, айыппұл, салық және басқа да төлемдерді есептеу үшін қолданылады. Яғни, АЕК өссе, жәрдемақылар мен айыппұлдар да артады деген сөз.

Зейнетақы өсті

Алдағы үш жылдық бюджетке қатысты заңға сәйкес, 2023 жылғы 1 қаңтардан ең төменгі зейнетақы (ынтымақты + базалық) 77 417 теңгеге дейін өседі. Соның ішінде ең төменгі мемлекеттік базалық зейнетақы – 24 341 теңге, ең төменгі ынтымақты зейнетақы 53 076 теңгені құрайды.

Бала күтіміне байланысты жәрдемақы 1,5 жасқа дейін төленеді
Жаңа жылдан бастап бала күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақы сәби 1,5 жасқа толғанға дейін төленеді. Бұрын ол тек 1 жасқа дейін берілетін. 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін бір жасқа толмаған барлық бала үшін төлем автоматты түрде жарты жылға ұзартылады. Ал 1 қаңтардан кейін туған балаға бірден 1,5 жылға тағайындалады. Еске сала кетерлігі, Президент 2023 жылдан бастап бала күтіміне байланысты төлемдердің мерзімін 1,5 жасқа дейін ұзартуды тапсырған еді. «Бұл ата-аналарға ең маңызды кезеңде өз балаларының қасында ұзағырақ болуға мүмкіндік береді» деген еді Мемлекет басшысы.

2023 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Тегі, аты, өкесінің аты	Атқаратын қызметі	Қабылдау күндері	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, байланыс телефоны
1	Асылбаев Ерлан Базарбаевич	Көптоғай ауылдық округінің әкімі	6, 13, 20, 27 қаңтар 3, 10, 17, 24 ақпан 3, 10, 17, 24 31 наурыз Уақыты: Сағат: 8.00- 12.00	Көптоғай ауылы, Достық көшесі №6 Тел: 74-5-23

2023 ЖЫЛДЫҢ І - ТОҚСАНЫНА ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Сұлтанов Айбек Өтегенұлы, округ әкімі	Әр аптаның бейсенбі күні. Уақыты: Сағат: 10:00 – 12:30	Еңбеккерлер көшесі, №6	Сенім телефоны 8-(71-332)-73-6-01

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мекеме қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 8-71-332-73-6-01 сенім телефонына хабарласуына болады. Мекемеде ұсыныс – пікір, арыз-шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

2023 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ	Шауменов Нурлыбек Сағынғанович Округ әкімі	4, 11, 18, 25 қаңтар 1, 8, 15, 22 ақпан 1, 9, 15, 29 наурыз Уақыты: сағ. 10:00 ден -12:00 ге дейін	Қаратал ауылы, Сүлеймен әулие көшесі №12	73-2-62 bersiev_79@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ-сының сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 37 – 5 – 34 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жәшік орнатылған.

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ө., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі	Адилханов Болатбек, бөлім басшысы	Әр аптаның жұма күндері Уақыты: сағ. 10:00-ден 12:00-ге дейін	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43 ғимарат	2-11-54

«Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефонының нөмірі 2-11-54. Сонымен қатар, мекемеде ұсыныс – пікір салу үшін жәшік орнатылған.

2023 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Жергілікті атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, өкесінің аты, лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, байланыс телефоны
«Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Косдаулетов Иргизбай Тұлеуович, Қайыңды ауылдық округінің әкімі	6, 13, 20, 27 қаңтар 3, 10, 17, 24 ақпан 3, 10, 17, 24, 31 наурыз	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі № 6 үй, Тел: 74-8-10

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефонының нөмірі 74-8-14. Сонымен қатар әкімшілік ғимаратында ұсыныс – пікір салу үшін сенім жәшігі орнатылған.

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ БАСШЫСЫ Н.А.АТАГАЛИЕВТЫҢ 2023 ЖЫЛҒА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Аты – жөні	Қызметі	Жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау жүргізетін уақыты мен күні	Орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Атағалиев Нурлан Аманович	Бөлім басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні сағат 10:00 – 12:30	Ойыл ауылы Көкжар көшесі № 66үй	Сенім телефоны: 8/71332/ /2-18-79

Мекеме қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты фактілер анықталған жағдайда «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді даму және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2-18-79 сенім телефонына хабарласуына болады. Мекемеде ұсыныс – пікір, арыз – шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ І - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты- жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Сарбие ауылдық округі әкімі Д. Бисебаев	Қаңтар 5, 10, 13, 17, 20, 24, 27, 31 Ақпан 3, 7, 10, 14, 17, 21, 24, 28 Наурыз 3, 7, 10, 15, 17, 28, 31	Жастар көшесі № 16	35-2-20

2023 ЖЫЛДЫҢ –І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Даулетқалиев Сандибек Токсанбаевич Ойыл ауылдық округінің әкімі	Әр аптаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжаркөшесі №69	2-10-20
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Амангосов Артур Сарсенбаевич Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжаркөшесі №69	2-10-20

ELICENSE.KZ ПОРТАЛЫНДА МАЙНЕРЛЕР МЕН КӘСІПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА ҚЫЗМЕТТЕР ПАЙДА БОЛДЫ



Енді ҚР ЦДИАӨМ 2020 жылғы 13 қазандағы № 384/НҚ бұйрығына сәйкес цифрлық майнинг саласындағы кәсіпкерге осы қызметпен айналысуға лицензия талап етілмейді, elicense.kz порталында жаңа қызметтің көмегімен өз жұмысын бастау туралы электрондық өтінімді жіберіп, онлайн рұқсат алуға болады. Цифрлық майнингті жүзеге асыру жөніндегі қызметі туралы ақпараттандыру үшін өтініш берушіге порталда: -мегаватқа (МВт) шаққандағы қажетті қуат туралы мәлімдемені толтыру; -жоспарланған жұмыс орындарының санын көрсету; -жоспарланған инвестициялар (тенге); -IP-адресі (арнайы IP-адрес пұлы); -цифрлық майнинг жұмыстарын жүргізуге арналған деректер орталығының орналасқан жері туралы ақпаратты толтыру қажет. Мемлекеттік орган тарапынан өтініш өңделгеннен кейін ақпарат автоматты түрде рұқсат беру құжаттарының тізіліміне енгізіледі (мақұлданған кезде) немесе автоматты түрде бас тарту тізіліміне енгізіледі (дәлелді бас тартқан кезде). Рұқсат беру құжаты немесе дәлелді бас тарту түріндегі қызметті көрсету нәтижесі 15 күн ішінде e-license.kz порталындағы пайдаланушының Жеке кабинетіне жіберіледі («Менің рұқсат құжаттарым» модулінде). Сондай-ақ, порталда e-license.kz қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау жөніндегі қызметі туралы хабарлама қызметі қолжетімді болды. E-license порталындағы пайдаланушы: -қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпкерлік субъектісінің атауын көрсете отырып, өтініш береді; -субъект және орналасқан жері туралы мәліметтері толтырады; -іс-әрекеттің немесе қызметтің атауын жазады. Хабарлама жасау тәртібі субъектілерінің тізіліміне жіберілген хабарлама автоматты түрде енгізіледі. Қызмет көрсету нәтижесі 3-5 минут ішінде пайдаланушының «Жеке кабинетіне» Хабарламаны қабылдау туралы талон ретінде жіберіледі. Бұрын бұл қызмет тек қағаз түрінде ғана қолжетімді болатын және пайдаланушылар мемлекеттік органның кеңсесі арқылы жүгінген. Айта кетейік, e-license порталына кіру және авторизациялау жеке тұлғалар үшін бір реттік парольдің көмегімен жүзеге асырылады, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар үшін ЭЦҚ көмегімен кіру өзгеріссіз қалады. Бүгінгі таңда e-license порталында жеке және заңды тұлғалар үшін 435 қызмет қолжетімді, оның ішінде жеке тұлғалар үшін 250 қызметті eGov mobile мобильді қосымшасының көмегімен алуға болады. Қызметтер «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрілігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті және ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды. «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

НОВЫЕ УСЛУГИ ДЛЯ МАЙНЕРОВ И ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ПОЯВИЛИСЬ НА ПОРТАЛЕ ELICENSE.KZ

Согласно Приказу МЦРИАП РК от 13 октября 2020 года № 384/НҚ, предпринимателю в сфере цифрового майнинга не требуется лицензия на занятие данной деятельностью, необходимо только направить электронную заявку о начале своей деятельности с помощью новой услуги на портале eicense.kz и получить разрешенные онлайн. Для информирования о деятельности по осуществлению цифрового майнинга заявителю необходимо на портале заполнить: -заявление о необходимой мощности в мегаватт (МВт); -указать количество планируемых рабочих мест; -планируемые инвестиции (тенге); -IP адрес (выделенный пул IP-адресов); -также информацию о месторасположении центра обработки данных для осуществления цифрового майнинга. После обработки заявления со стороны госоргана, информация автоматически заносится в Реестр разрешительных документов (при одобрении) или автоматически заносится в Реестр отказов (при мотивированном отказе). Результат оказания услуги в виде разрешительного документа либо мотивированного отказа направляется в течение 15 дней Личный кабинет пользователя на портале e-license.kz, в модуле «Мои разрешительные документы». Также на портале e-license.kz стала доступна услуга по уведомлению о деятельности по сбору, сортировке и транспортировке отходов. Пользователь на портале e-license: -подаёт заявление, указав наименование субъекта предпринимательства в сфере управления отходами; -сведения об объекте, местонахождении; -также наименование деятельности или действия. Поданное уведомление заносится в Реестр субъектов уведомительного порядка автоматически. Результат оказания услуги направляется в течение 3-5 минут в «Личный кабинет» пользователя в форме талона о приеме Уведомления. Ранее данная услуга была доступна только бумажных носителях, и пользователи обращались через канцелярию госоргана. Отметим, вход и авторизация на портале e-license осуществляется с помощью одноразового пароля для физических лиц. Также вход с помощью ЭЦП для юридических и физических лиц остается без изменений. На сегодняшний день на портале e-license доступно 435 услуги для физических и юридических лиц, из них 250 услуг для физических лиц можно получить с помощью мобильного приложения eGov mobile. Услуги реализованы благодаря совместной работе АО «Национальные информационные технологии», Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК и Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК. Управление по связям с общественностью АО «НИТ»

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» ММ-НІҢ 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Бөлім басшысының аты-жөні, төгі	Қызметі	Азаматтарды қабылдау күні және уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Туремуратов Маулен Оралұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері: Сағат 9.00 – 12.30	Ойыл селосы Көкжар көшесі №69 Кабинет 309	8(71332) 2-18-80

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 2-18-80 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БӨЛІМ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Иманғалиев Бекболат Жонысұлы бөлім басшысы	Әр аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері Уақыты: сағ.- 10:00 -12:30 14.00-18.30	Ойыл селосы Шернияз көшесі № 49.	2-19-84

Бөлімнің мемлекеттік қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері анықталған жағдайда «Сенім телефоны 2-19-42» нөміріне хабарлау сұралады. Мекемеде сонымен қатар арыз-шағымдарға арналған жәшік орналасқан.

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ БАСШЫСЫ А. МУБАРАКОВТЫҢ 2023 ЖЫЛҒА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Аты- жөні	Қызметі	Жеке және Заңды тұлғаларды жеке қабылдау жүргізетін уақыты мен күні	Орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Мубаракوف Абат Қаратауұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні сағат 10:00-12:00	Ойыл ауданы Көкжар көшесі №69 216 бөлме	Сенім телефоны: 8/71332/21746

Мекеме қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты фактілер анықталған жағдайда «Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2-15-51 сенім телефонына хабарласуына болады. Мекемеде ұсыныс-пікір, арыз-шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ СӘУЛЕТ, ҚҰРЫЛЫС, ТҮРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛПІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒА АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	«Ойыл аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Тургамбеков Нуржау Орынбасарұлы бөлім басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні Уақыты: сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін.	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты, II-қабат	8(71332) 2-12-00

Мекеме қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты фактілер анықталған жағдайда «Ойыл аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2-12-00 сенім телефонына хабарласуға болады. Мекемеде ұсыныс-пікірлер салу үшін жәшік орнатылған.

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ I ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты – жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Саралжын ауылдық округі әкімі М.Тажигалиев	Қаңтар 5,12,19,26 Ақпан2,9,16,23 Наурыз 2,9,16,23,30 Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін	Ботакөз көшесі – 2 № 12	74-0-01

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - УАҚЫТ ТАЛАБЫ



Жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Жемқорлық елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сы-

зының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі жемқорлықпен күрес. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақтөбе облысы бойынша департаментінде тұрақты негізде жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған сенім телефоны жұмыс жасайды, азаматтардың арыз-өтініштері үшін арнайы жәшік орналастырылған. Әр айдың белгіленген күндері департамент басшысы мен оның орынбасарларының қабылдау күндері болады. Сонымен қатар бюронның ресми сайттары www.stat.gov.kz және жаңадан ашылған <https://new.stat.gov.kz> веб-сайтынан қажетті ақпараттармен танысып, ұсыныс пікірлеріңізбен бөлісіп, туындаған сұрақтарға жауаптар алуға болады. Респонденттер (есеп тапсырушы) ешқандай бармай-ақ үйден интернетпен өздерінің электронды цифрлы қолтаңбалары (ЭЦҚ) арқылы <https://cabinet.stat.gov.kz> сайтынан статистикалық есептілікті өздері тапсыруына болады. Сонымен қатар тапсырылуға тиісті статистикалық есептіліктің формасы мен мерзімін білуге болады.

Сәрік ДОСҚАЛИЕВ,
Ойыл ауданының статистика басқармасының жетекші маманы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

10 қаңтар 2023 жыл № 18 Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс он жетінші сессиясын шақыру туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс он жетінші сессиясы 2023 жылдың 17 қаңтар күні сағат 11.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі бір мандатты округтік сайлау комиссияларын сайлау туралы Хабарламашы: С.Ф.Займолдин - Ойыл аудандық мәслихатының төрағасы
 2. Басқа да мәселелер
- Аудандық мәслихат төрағасы: С.Ф.Займолдин

ЕСКЕРТУДІ ЕЛЕМЕГЕН ЖҮРГІЗУШІЛЕР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ



Биыл жыл басталмай жатып ауа райы жағдайына байланысты өңір автожолдарындағы қозғалыс бірнеше рет шектелді. Оқтын-оқтын дабыл қаққан облыстың төтенше жағдайлар қызметі жолға шыққандарды қар құрсауында қалдырмауға бағытталған шараларды барынша ширата түсті. Дей тұрғанмен ақ түтек боранға қарамастан басын қатерге тігетіндер әлі де болса бар. Осыған байланысты, тиісті орындардың басшылығы азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында шұғыл шара қолдануға мәжбүр болды. Атап айтсақ, бұдан былай жол жабылғаны туралы ескертуді елемей, ауа райы қолайсыз кез-

де жолға шыққан жүргізушілер 15 тәулікке дейін қамалуы мүмкін. Индустрия министрлігінің таратқан хабарламасына сүйенсек, тас жолға шығатын жолды жауып тұрған полиция қызметкерлеріне бағынбағаны үшін азаматтар алғаш рет 30 айлық есептік көрсеткіш немесе 91 890 теңге мөлшерінде айыппұл төлейді. Тіпті 15 тәулікке дейін қамауға алынады. Бұл жағдай бір жыл ішінде тағы қайталанса, 15 күннен 20 тәулікке дейін қамауға алынады. Қамауға алынбайтындарға (мысалы, мүгедектерге) 50 айлық есептік көрсеткіш, яғни 152 150 теңге көлемінде айыппұл салынады.

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАҒЫ БАЛАҒАТ СӨЗ ҮШІН АЙЫППҰЛ 4 ЕСЕГЕ АРТТЫ



Қоғамдық орында айтылған балағат сөздер үшін айыппұл 4 есеге артты және қамауға алу жазасы 5 күннен 30 күнге ұзарды. Бұл туралы ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті басқарма бастығының міндетін атқарушы Азамат Құрымбаев министрліктің апталық брифингінде айтты. «Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексінің жаңа нұсқасында «ұсақ бұзақылық» ұғымына: қоғамдық орындарда балағат сөздер айту; жеке тұлғаларды қорлау және оларға қысым көрсету; ғимараттарға, құрылыстарға, тұрғын үй-жайларға, ортақ пайдалану орындарына, көліктегі және қоғамдық орындардағы мүлікке нұқсан келтіру; айналаға құрметсіздік білдіретін, қоғамдық тәртіп пен жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер жатады», - деді А. Құрымбаев. Спикердің айтуынша, қазіргі уақытта сот ұсақ бұзақылық жасағаны үшін 5 АЕК (17 250 теңге) мөлшерінде айыппұл салады немесе 15 тәулікке дейін қамауға алады. Ал жаңа редакцияда айыппұл 20 АЕК (69 000 теңге) құрайды, қамауға алу 5-тен 30 тәулікке дейін ұзарады. «Аталған түзетулер алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 60 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі», - деді Азамат Құрымбаев. Биыл 3 қаңтарда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚР Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне экологиялық құқықбұзушылықтар мен вандализм көріністері үшін жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» және «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқықбұзушылықтар мен вандализм көріністері үшін жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Жамбыл ауылдық кітапханасының кітапханашысы Қалашова Бижамалға

анасының

қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады

Ойыл аудандық ауруханасы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының фельдшері Мусина Гүлайымның ардақты әкесі

Темірханның

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, ағайын-туыстарына көңіл айтады

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

ЖАСТАР НЕГЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІГЕ ҚҰМАРТТЫ?

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІНІҢ ОТАНЫ – ҚЫТАЙ. ҚАРАПАЙЫМ ТЕМЕКІДЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ ҚҰРАЛДЫҢ ІШІНДЕ СҰЙЫҚТЫҚ ҚЫЗЫП, ТҰТЫНУШЫ АДАМ ТҮТІН ЕМЕС, БҰ ЖҰТАДЫ. БҰЛ ПРОЦЕСС ВЕЙПИНГ ДЕП АТАЛАДЫ. БҰЛ ЗАТТЫҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАНШАЛЫҚТЫ ЗИЯН ЕКЕНДІГІН БІЛЕМІЗ БЕ? АЛ ОҚУШЫЛАР МҮНДАЙ ДҮНИЕНІ НЕ ҮШІН ПАЙДАЛАНАДЫ ДЕП ОЙЛАЙСЫЗ? БҰЛ ТЕМЕКІГЕ ЖАСТАР НЕГЕ ҚЫЗЫҒАДЫ? АЛДЫМЕН ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІНІҢ ҚАЙДАН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛҒАНДЫҒЫ ЖӨНІНДЕ АЙТЫП ӨТКЕНІМІЗ ЖӨН.



Ең алғаш рет электронды темекі 2003 жылы пайда болды. Оны ойлап тапқан адам қытайлық фармацевт көрінеді, аты-жөні – Хон Лик екен. Бір жылдан кейін, яғни 2004 жылы Хон электронды темекіні Қытай нарығында сатқан алғашқы адам болып тіркелген. Іле-шала ол өз өнімін халықаралық айналымға шығарып, жұртқа жаппай тарата бастаған. Психологтар мен педагогтардың айтуынша, электронды жасанды темекінің құтысы кішкентай ғана. Содан кейін, жағымсыз иіс шықпайды. Әдеттегі шынайы темекінің иісі қолға, адамның киіміне, деміне сіңіп қалады. Электронды темекіде ондай жағымсыз иістер жоқ. Керісінше, әртүрлі тәтті, шырынды иістер қосылып жасалады. Жастардың қызығуының бір себебі сол. Сонда электронды темекі зиянсыз ба? Интернет деректеріне сүйенсек «Вейпингтің» кең таралуының салдарынан АҚШ азаматтарының өкпесі жаппай зақымданған. Тіпті, өкпе зақымдануынан адам өлімі де тіркелген. Коронавирус пандемиясына дейін АҚШ-та вейп темекі тұтынған 2500 адам өкпенің ауыр дертіне шалдығыпты. Осы жағдайлардан кейін АҚШ Президенті электронды темекілердің барлық түріне тыйым салыпты. Бұл 2019 жылғы жағдай. Іле-шала 2020 жылдың алғашқы ай-

ларында Америкада электронды темекілерге арналған жұпар иісті картридждердің сатылуына жаппай шектеу қойылды. Ал Қазақстанда ше? Бізде бұл темекі еркін сатылып, еркін пайдаланылып жатыр. Өндірушілер электронды темекінің зиянсыз екенін айтып әлек. Керісінше темекі шегуді тез арада қоюға септігін тигізеді дейді. Алайда, вейп, айкос секілді бу шығаратын өнімдердің темекіге қарағанда залалы көп екенін ғалымдар дәлелдеп отыр. Мысалы, электронды темекінің құрамында глицерин, прополигликоль, никотин, ароматизаторлар мен түрлі дәм беруші қоспалар бар. Ал, олардың қандай зиян екенін, тыныс алу жолдарының зақымдалуын қоспағанда, иммунитетке кесірін тигізетінін айтудың өзі артық. Статистикаға жүгінсек, жас буын снюс пен паучтарды жиі тұтынады. Снюс-түтінсіз темекі. Ең қорқыныштысы сол, оның құрамындағы никотин қарапайым темекі құрамындағыдан бірнеше есе көп. Әсері миға зақым келтіреді. Иіс шығармайтыны тағы бар. Содан да болар, тұтынушылар легі мектеп оқушылары. Былтырға дейін электронды темекіге тыйым салынбаған еді. Мәселе ұшығып бара жатқандықтан, ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» ко-

дексінің 441-бабына өзгеріс енгізілді. Онда «16 жасқа дейінгілерге, яғни жасөспірімдерге темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді және оларға арналған сұйықтықтарды тұтынуға тыйым салынады» делінген. Өлбетте жасөспірімдердің өтпелі кезеңінде түрлі зиянды нәрселерге құмартуы қалыпты. Сән қуып, қолындағы дүниесін «дәрежеге» балайтындары тағы бар. Әрі электронды темекінің жарнамасына алданып, арты қандай дерттерге душар қылуы мүмкін екенін ойламайды. Бұрын шылым шеккен жас жігіттер мен балаларды көріп, ересектер жағаларын ұстаушы еді. Бүгінгі күні қыз балалардың қолдарына бір-бір электронды темекіні ұстап, көше бойында қысылып-қымтырылмай жүргенін көріп, ауыз ашамыз. Бозбала, бойжеткендерді осындай маркетингтің «құрығынан» ада ету-ата-аналары мен мектептегі мұғалімдеріне артылатын жүк. Пышақтың екі жүзі бары секілді, кез-келген заттың пайдасы мен зияны бар. Сол нәрселерді уақытылы байқап, кеселдің алдын алу басты міндет!

Гаухар АБАЙҚЫЗЫ,
Ойыл селосы.,

«Ойыл газеті» ЖШС-і төмендегідей қызметтерді көрсетеді!

1. Құттықтау, еске алу — 1 сөзі 30 теңге, суреті — 200 теңге.
2. Көңіл айту — 2500 теңге.
3. Алғыс айту — 2000 теңге.
4. Суреті мен өмірбаяны берілген көңіл айту — 10 мың теңге.
5. Жарнамалық бағыттағы мақалалар мен хабарландырулардың 1 шаршы сантиметр үшін қызмет бағасы — қосымша құн салығынсыз (ҚҚС) 120 теңге.

Ескерту! Газет аптасына бір рет шығады. Ақыны жарияланымар әр аптаның дүйсенбі күнгі сағат 12.00-ге дейін қабылданады.


БЕЙБІТТІҢ ЖЕҢІСІ



Өткен аптада Ақтөбе қаласында қыздар мен жасөспірімдер арасында дзюдо күресінен облыс чемпионаты өтті. Чемпионатқа Ақтөбе қаласы және Ойыл, Байғанин, Мәртөк, Мұғалжар, Хромтау, Шалқар, Алға, Ырғыз, Өйтеке би аудандарынан 150-ге жуық спортшы қатысты. Осы жарысқа Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінен 4 оқушы қатысып, бақтарын сынады. 2006-2007 жылы туған жасөспірімдер арасындағы бәсекеде 52 кг салмақта ешкімге дес бермеген Бейбіт Қажымұқанқызы облыстың чемпионы атанды. Аудан спортының мәртебесін көтеріп, Астана қаласында өтетін ҚР чемпионатына жолдама алды. Ойылдықтардың жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жеңіске жетулеріне бірден-бір себепкер болған жаттықтырушысы Азат Шерниязовтың еңбегін ерекше айта кеткен жөн. Алдағы уақытта ұстаз бен шәкірттің алға қойған мақсаттарына жетуіне сәттілік тілейміз.

Г.АЛЕКСЕЕВА

ҚАРТ АДАМДАРДЫ ҚАРЖЫ АЛАЯҚТАРЫНАН ҚАЛАЙША ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?



Цифрлық технологиялардың дамуымен қатар, алаяқтар да қалыспай, алдаудың жаңа тәсілдерін ойлап табуда, оған өсірсе аға буын өкілдері бой алдырып жатады. Қарт адамдарды алаяқтардың арбауынан қалайша қорғауға болатыны жөнінде Fingramota.kz айтып береді. Алаяқтар телефон нөмірлерін ауыстыру сервистерін белсенді пайдаланады, сондықтан олар үшін көз көлген банктің колл-орталығының 4 таңбалы нөмірін басқа нөмірге ауыстыру түкке тұрмайды. Қарт адамдардың тап болуы мүмкін түрлі оқиғаларды қарастырайық.

«Қауіпсіз» шот Алаяқтар зейнеткерлерге телефон соғып, өздерін банк қызметкерлеріміз деп таныстырып, олардың карточкаларынан бейтаныс біреулердің ақшаны шешіп алуға әрекет жасағанда-

ры жөнінде айтады. Ол үшін клиент өз қаражатын дереу қауіпсіз шотқа ауыстыруы қажет деп, ізінше қарияның интернет немесе мобильді банкингті қолдануды біліп-білмейтінін нақтылайды. Содан кейін оған зейнетақысын қашықтан қалайша аударуға болатыны жөнінде нұсқау береді, телефонына қосымшаны жүктеуді ұсынады немесе ақшаны дереу банккомат арқылы аударуға кеңес береді.

Көңес Телефон алаяқтары қарт адамдардың сеніміне кіру үшін барлық айла-шарғыларды қолданады. Мұндай жағдайда ең бірінші әңгімені тоқтатып, сізге қызмет көрсететін банкке телефон соғу қажет. Банктің байланыс нөмірі карточканың артқы бетінде жазылып тұрады. Ешқашан қоңырау шалушылардың қандай да бір нұсқауын

орындамаңыз: ақша аудармаңыз, күмәнді қосымшалар орнатпаңыз және қаржы ұйымдарының жалған қызметкерлерінің талаптары бойынша SMS-хабарламалардың сілтемелері бойынша әрекет жасамаңыз. Өзіңіздің дербес деректеріңізді, карточканың деректемелерін ешкімге хабарламаңыз: CVC/СVV-код (картаның сыртқы жағында көрсетілген үш таңбалы код), растау кодтары, ПИН-кодтар. Есіңізде болсын, банк қызметкерлері, банктендірің колл-орталықтарының операторлары бұл ақпаратты ешқашан телефон арқылы сұрамайды.

Жалған кредит ресімдеу Сізге банктің атынан хабарласып тұрмыз деп қоңырау шалып, N сомаға кредит ресімдеуге өтінім берген-бермегеніңізді нақтылайды. Егер сіз шын мәнінде өтінім бермеген болсаңыз, онда алаяқтардың сіздің атыңыздан кредит алмақ ойлары бар. Алаяқтар алдыңғы схемамен жұмыс істейді: сізге шұғыл шаралар қабылдау және олардың нұсқауларын орындау қажеттігін айтады. Бұл үшін олар сізге ұялы телефоныңызға орнататын және деректеріңіз қорғалатын қосымшаға сілтеме жібереді. Бағдарламаны жүктегеннен кейін телефоныңызға SMS-хабарлама немесе электронды пошта арқылы хабарлама келеді, содан кейін банктің жалған қызметкері кодты атауды сұрайды және, екіншіше қарай, кредитті беріп үлгергенін, бірақ алаяқтар ақшаға қол жеткізе алмағанын айтады. Содан кейін алаяқ өзі айтқан басқа шотқа осы ақшаны аудару арқылы ақшаның өзіңізге қалатындығына сендіреді.

Көңес Кредит «рәсімделді» деген банктің филиалына қоңырау шалыңыз немесе барыңыз және жағдайды шешу үшін мүмкіндігінше жедел түрде ресми өтініш жазыңыз. Өтініштің кіріс нөмірі бар көшірмесін міндетті түрде алыңыз. Сізге қоңырау шалынған нөмірді банктің қауіпсіздік қызметіне хабарлауды, сондай-ақ құқық қорғау органдарына өтініш жазуды қоса ұсынамыз.

Көңес «Фейк» аударма Сізге банк картаңызға белгілі бір ақша сомасының аударылғаны туралы SMS келді. Ізінше олар сізге белгісіз нөмірден қоңырау шалып, ақшаның қате аударылғанын айтып, сізден кері аударуды сұрайды. Алаяқтар сіздің көңіліңізді «жібітіп», өздері туралы көптеген мәліметтерді, яғни бұл олардың соңғы ақшасы екендігін, олар жұмысынан айырылғандықтары, қаражат емделуге қажет екендігі сияқты бір сұрақты «ақпарат» айтады. Бұл — сізді алдарқауға тырысатын белгі. Кейде қоңырау шалушылар сізге «мазалағандары үшін» бонус депқаражаттың аз бөлігін өзіңізге қалдыруды ұсынады.

Көңес Алаяқтар сауда алаңында тауарды сатқанына ақы алу үшін сіздің шотыңызды көрсетуі мүмкін. Егер оларға сеніп, аударым жасасаңыз, онда сіз ақшасыз қалып қана қоймайсыз, сонымен қатар өзіңізге қосымша қиындықтар туғызасыз. Өйткені әлеуетті сатып алушы тауарды алмай, құқық қорғау органдарына жүгінуі мүмкін. Сіз ақша алушы ретінде алғашқы күдікті боласыз.

Көңес Сондықтан егер белгісіз біреулер Сіздің шотыңызға белгілі бір соманы аударса, онда ешқандай жағдайда оны қайта аудармаңыз және шешіп алмаңыз. Өз банкіңізге хабарласыңыз, онда Сізге осы қате аударыммен не істеуге болатынын түсіндіреді.

Құқық қорғау органдарынан түсетін «қоңыраулар» Алаяқтар өздерін құқық қорғау қызметкерлері ретінде таныстырып, Сіздің танысыңыз, досыңыз немесе туысыңыздың келеңсіз жағдайға тап болғанын хабарлауы мүмкін. Мысалы, адамды қағып кеткені, ауруханада жатқаны немесе терактіге қатысқаны. Кезкелген жағдайда қылмыс қорқынышты, ал салдары қайтысмыз көрінуі керек. Мәселені қандай да бір сома шеше алады. Бір жағынан, айтқандары айтарлықтай әсер қалдырды, екінші жағынан, сұрап отырған сома тез төлей алмайтындай көп те емес. Негізінен, мұндай алдаудың құрбандары — жақын адамыңызға көмектесу үшін соңғы ақшасын беруге дайын қарт адамдар. Қосымша стресс факторы, әдетте, абоненттің қоңырауларға қолжетімсіздігі болып табылады — алаяқтар мұны да біліп алады.

Көңес Ең дұрысы, мұндай сөтте сұрақ қоя бастау. Күдікті қай полиция бөлімшесінде? Ол қандай баппен айыпталып отыр? Әрекет қашан орын алған? Адвокаттың көмегі ұсынылды ма, адвокаттың аты жөні кім? Сонымен қатар ҚР ІІМ жедел желісіне және аудандық полиция бөлімшесіне қоңырау шалу керек. Ешбір жағдайда үрейге бой алдырмаңыз, бейтаныс адамдарға ақша беріп, шоты-

на ақша аудармаңыз. Жеке деректерді ешкімге айтырмаңыз!

- Қарт адамдарға бейтаныс адамдарға сөзсіз сенудің қажеті жоқ екенін түсіндіріңіз, тіпті олар өздерін банк, құқық қорғау органдарының қызметкерлері болып таныстырса да;
- Егер қоңырау шалушылар сізге аты-жөніңіз бойынша жүгінсе және сіздің мекенжайыңызды білсе, бұл адамдар ресми адамдар екендігін білдірмейді. Бұл деректерді көптеген жолдармен алуға болады, олар тіпті интернетте жалпыға қолжетімді;
- Қызметкердің аты-жөні мен лауазымын міндетті түрде сұраңыз және олар өкілі болып қоңырау шалып отырған ұйымның жедел желісіне немесе колл-орталығына қоңырау шалу арқылы қайта тексеріңіз;
- Егер жақын адам бейтаныс нөмірден қоңырау шалып, қиыншылыққа тап болғанын айтса, оған ақша аударуды сұраса, сөйлесуді аяқтап, оған қайта қоңырау шалыңыз;
- Өзіңіздің жеке деректеріңізді, банктік картаңыздың деректемелерін, картаның жарамдылық мерзімін, CVC/СVV-кодты, құпия сөзін және ақша қалдығын ешқашан және ешкімге айтыңыз;
- Банк қызметкерлері, банктендірің колл-орталықтарының операторлары ешқашан телефон арқылы жеке деректерді сұрамайды. Бұл конфиденциалды мәліметтер тек алаяқтарға қажет.

Өзіңізді, жақындарыңызды сақтаныз және қаржылық сауаттылықты Fingramota.kz-пен арттырыңыз!